



# ҚАЗАҚ

# университеті

№ 1 (1335) 22-ақпан, 2005 жыл



Газет 1948  
жылдың 20  
сәуірінен шыға  
бастады

### ● Жолдаудан соң



#### Олардың бір парасы:

● Осы талқылаулардың қорытындылары бойынша философия және саясаттану факультетінің деканы, профессор Фарифолла Есім Қазақ радиосынан өз ойын

#### Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

*XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымда ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз.*

*Енді оқытушылар жайында. Олардың проблемалары да бізге жақсы мәлім, бұл проблемалар шешіліп те жатыр, алайда бәрін бір сәтте шешіп тастау да мүмкін емес. Білім және ғылым министрлігі Жоғары оқу орындарының ассоциациясымен бірлесіп, профессор-оқытушылар құрамына қолдау көрсету жүйесін ойластырғаны жөн. Айталық, қазірдің өзінде кез келген шетелге тәжірибеден өтуге баруды қарастыратын әрі бір жыл бойы ғылыми зерттеулер жүргізуге берілетін гранттың мәртебесіне ие “Үздік оқытушы” мемлекеттік стипендиясын тағайындауға болар еді.*

*Менің тапсырмам бойынша биылғы жылы Қазақ ұлттық университеті мен Еуразия ұлттық университетіне 20 шетелдік оқытушы кеңесшілер тарту үшін 2 млн. доллар бөлінді. Ендеше Батысқа танымал өзіміздің үздік мамандарымызды дәл осылайша неге марапаттамасқа!*

*Биылғы 1 шілдеден бастап, біз жоғары оқу орындары студенттері, сондай-ақ орта кәсіптік білім беру ұйымдары оқушылары стипендияларының мөлшерін 2 еседен астам өсіретін боламыз.*

*Біз ең лайықты деген жастардың шетелдерде білім алуларына жәрдем жасаймыз. Жыл сайын үш мың үздік студентке “Болашақ” бағдарламасының шеңберінде әлемнің ілгері жоғары оқу орындарында білім алулары үшін республикалық бюджеттен қаражат бөлінетін болады.*

*Биылғы 1 шілдеден бастап, бюджет саласының қызметкерлері - мұғалімдердің, дәрігерлердің, мәдениет пен әлеуметтік қамсыздандыру қызметкерлерінің жалақысын орта есеппен 32 пайыз көтеру қажет деп санаймын. Ал 2007 жылдан бастап орта есеппен 30 пайыз көтеру қажет.*

(Жолдаудан үзінді)

рының Қазақ радиосынан ақпараттық есебі беріледі деп жоспарланып отыр.

● “Экспресс К” газетінде философия және саясаттану факультетінің деканы, профессор F.Есімнің сұхбаты жарияланады.

● “Қазақ әдебиеті” газетінде филология факультетінің деканы, профессор Қ.Әбдезұлының Жолдау туралы өз ойларын білдірген мақаласы жарияланады деп жоспарлануда. (25 ақпан, 2005 жыл).

● әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінің Жолдауға қатысты ой-пікірлері “Алматы ақшамы”, “Вечер-

### ● Студент пікірі

## Жастар Елбасын қолдайды

Біз Президентіміздің халыққа Жолдауын үлкен ризашылық сезіммен қабылдадық. Себебі, онда мемлекет басшысы әлеуметтік проблемаларды шешуде жастарды ерекше қолдайтынын білдіреді. Осы ретте әрбір адам білім алуға құқылы екендігін атап көрсетті. Сонымен бірге, Үкіметке білім гранты мөлшерін 50 пайызға ұлғайтуды тапсырып, жалақы мен студенттер стипендиясының көтерілетіндігі туралы айтты.

Нарық билеген заманда адамның тұрмыстық жағдайы түзелмей, қоғам алға баспайтыны белгілі. Аш құрсақ студенттің білімге деген күшарлығы қалай артсын? Сондықтан, Елбасымыздың жастардың қамын жейтіні, халқы үшін жаны ауыратыны бізді қатты толқиты. Білім грантының көбейетініне ерекше қуандық. Бұл жомарт шешім оқуға күштар қазақ жастарының мүмкіндігін арттырып, жарқын болашаққа деген сенімдерін нығайта түсері анық. Бір анығы, бүгінгі жас жеткіншек - ертеңгі маман, елімізді көркейтуге үлес қосатындар ең алдымен солар болмақ.

Елбасы тарапынан студенттердің жазда құрылыс отрядтарын құру мәселесі көтерілгені де игі бастама. Мұндай шараның жастар үшін өте пайдалы екені сөзсіз. Олардың еңбекке бейімделуіне мүмкіншілік туып, қаржылық жағдайларын да дұрыстап алуларына септігі тиеді.

Жолдауда айтылған “Жасыл ел” бағдарламасы ел ішінде қызу қолдау тауып, егемен еліміздің гүлдене түсуіне ақпал етері ақиқат. Қоршаған ортаны қорғау, оны жандандыру үшін жастарды тартпағанда кімді тартпақпыз? Жалындаған жас жүректер жақсы іске белсене қатысады деп нық сеніммен айтуға болады. Өз еліміздің көркейіп, сәнсалтанатқа бөленуі жолында баршамыз аталмыш бағдарламаға белсене араласуға дайынбыз.

Сондай-ақ, Нұрсұлтан Әбішұлы оқытушылардың әлеуметтік жағдайының жақсаратынын да тілге тиек етті. Ұлы да, ұлан да ұстаздан тәлім алады емес пе?! Ендеше, біздер дәріс беруші ағай-апайларымыз үшін де шын жүректен қуаныштымыз.

Экономика және бизнес факультетінің бір топ студенттері



ний Алматы” газеттерінде жарияланбақшы.

25 ақпан күні философия және саясаттану факультетінде “Отан” партиясымен бірлесе отырып, қалалық мектеп директорлары, ғалымдар, аспиранттар мен студенттердің қатысуымен Президент Жолдауын талқылауға арналған “дөңгелек үстел” өтеді.

■ Жалғасы 3-бетте

## ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДЕГІ ЖАҢА СЕРПІЛІС

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында” атты Қазақстан халқына тікелей эфирде өткен Жолдауын акт залдары мен жатақханаларда, басқа да көпшілік жиналған орындарында ұжымдық тыңдау ұйымдастырылды. Келесі күннен бастап білім ордамыздың барлық бөлімдерінде, факультеттері мен кафедраларында, студенттік топтар арасында Жолдауға қатысты қызу талқылаулар өтіп, ұсыныс-пікірлер мен қолдаулар саны 40-тан асып кетті.



білдірді. (Қазақ радиосы. 18 ақпан, сағат 23.00).

● Келесі күні барлық факультеттер мен кафедраларда Жолдауды талқылау барысы туралы Баспасөз қызметінің ақпараты оқылды. (Қазақ радиосының жаңалықтары. 19 ақпан, сағат 11.00).

#### Алдағы жақын мерзімде:

● “Егемен Қазақстан” газетінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Т.Ә.Қожамқұловтың Жолдауға қатысты ой-толғамдары жарияланады деп күтілуде.

● Жолдауды университетте талқылау қорытындылары бойынша осы жолдар авто-

БҮГІНГІ

САНДА:



ҚазҰУ-да  
кинозал  
ашылды

2-бет

БІЛІМ ЖАРЫСЫНДА  
ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДАМЫЗ



4-бет

Эссе и интервью  
по-СТОУНовски



5-стр.



Қушпен  
ақша

7-бет



РЕКТОРАТ

2005 жылғы қаңтар айының 11-і күні өткен Ректорат мәжілісінде жоғары білікті ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау бөлімінің бастығы Д.К. Асанованың 2004 жылғы аспирантура және доктрантураға қабылдау қорытындысы жөнінде, ОӘБ оқытудың техникалық құралдары және қазіргі заманғы оқыту технологиялары бөлімінің бастығы Ә.Ә. Молдабековтің білім беру процесін кредиттік технологиялармен қамтамасыз етуге арналған техникалық жүйелерді қалыптастыру жайында хабарламасы аталып өтті. Сонымен қатар, Маркетинг және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бастығы Е.Б. Қаппаровтың өз жұмысы туралы әзірлеген хабарламасы тыңдалды.

\*\*\*

2005 жылғы ақпан айының 8-і күні өткен Ректорат мәжілісінде оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз етілуі және тақырыптық жоспардың орындалуы жөнінде Оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Н.А. Асановтың, университет бөлімшелерінде еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігінің жай-күйі туралы осы бөлімнің бастығы В.А. Менайлонын хабарламасы аталып өтті. Сонымен қатар, университетте гендерлік зерттеу Орталығын ашу туралы ОӘБ жөніндегі проректор Г.К. Ахметованың және 33-дәстүрлі “Денсаулық” спартакиадасының қорытындылары хақында “Парасат” кәсіподағының төрайымы М.Т. Мұқашеваның ақпарлары тыңдалды.

● Ермұхан Бекмаханов - 90

# Мәні бар апталық

2005 жылдың 14-18 ақпаны аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Отан тарихының іргетасын қалаушылардың бірі Ермұхан Бекмаханұлы Бекмахановтың туғанына 90 жыл толуына арналған апталық өтті.

“Бекмаханов апталығының” аясында Е.Б. Бекмахановтың өмірі мен қызметіне арналған бейнефильм көрсетіліп, фотокөрме мен ғалым еңбектерінен құралған кітап көрмесі ашылды. Студенттер “Тарих және тарихи кезең” тақырыбындағы интеллектуалдық жарысқа, ғалымның “ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан” еңбегі бойынша өтетін викторинаға және “Біртуар тұлға және оның өмір кезеңдері” атты театрландырылған көрініске қатысып, апталықтың мазмұнын арттыра түсті. Сонымен қатар, Е. Бекмахановтың 90 жылдығына арнайы мерейтойлық конференция өткізілді.

Профессор Бекмаханов Қазақстанның кеңес дәуіріндегі тарихына үлкен үлес қосты – ол жүзден астам ғылыми еңбектердің авторы. “Қазақстанның Ресейге қосылуы”, “ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан”, “Қазақстан тарихының очерктері” және “Империализм кезеңіндегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы” атты монографиялар мен Қазақ ССР тарихына арналған оқулықтар жазған.

Ермұхан Бекмаханұлының ғылыми қызығушылығының ауқымы өте кең еді. Профессор Бекмахановтың ғылыми еңбектері мен есімі республикаға ғана емес, өзге елдерге де танымал болып, атағы жайылды. Ермұхан Бекмаханұлының есімі революцияға дейінгі Қазақстан тарихының ең басты да, ең күрделі мәселесі - Қазақстанның Ресейге қосылуын ғылыми талдауымен тығыз байланысты.

Республика мектептеріндегі та-

рихи білімнің нақтылануы мен дамуында Ермұхан Бекмаханұлының еңбегі орасан зор. Мектепте тарих пәнін оқыту мәселелері 1938 жылдан бастап көтерілгені анық. Е. Бекмаханұлы ешқандай қиындыққа қарамастан, Қазақстанның ежелгі заманнан қазіргі заманға дейінгі тарихын мектеп қабырғасындағы оқушыларға арнап жазды. Бұл кітап мыңдаған данамен орыс, қазақ және ұйғыр тілдерінде шығарылды және мұғалімдер мен оқушылар, ғалымдар мен зерттеушілер арасында жоғары дәрежеде бағаланды.

Е. Бекмаханұлының жетекшілігімен жоғарғы оқу орны студенттеріне арналған Қазақстан тарихынан оқу құралын жазу қолға алынып, орта мектеп оқушыларына, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған Қазақстан тарихының бағдарламалары басылып шығарылды.

Профессор Е. Б. Бекмаханов жоғарғы дәрежелі ғылым кадрларын дайындауды басты назарында ұстады. Өзінің ғылыми қызметінде 20-дан астам ғылым кандидаттарын дайындап, көптеген кандидаттық және докторлық диссертацияларға ресми оппонент болды. Он жылдай университеттің тарих факультетінің ғылыми дәрежелер беретін ғылыми кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарды. Бірнеше жыл бойы Қазақ КСР жоғарғы және арнаулы білім беру министрлігінің “Қоғамдық ғылымдар” журналының жауапты редакторы болды.

Қарлығаш ӘУЕЛБЕКОВА



Тарихи тамырын тереңнен алатын Мәскеу мемлекеттік университеті сонау 1755 жылы Елизавета патшайымның Жарлығымен құрылған. Университеттің негізін қалаушылар ғалым-энциклопедист М.В. Ломоносов пен ағартушы-ғалым И.И. Шувалов болып табылады. Бүгінде Мәскеу мемлекеттік университеті жоғарғы оқу орны ғана емес, үлкен ғылым мен мәдениет, өнер ордасына айналған.

Екі жарым ғасыр ішінде осы университет қабырғасынан түлеп ұшқан жоғарғы білімді мамандар Ресейде ғана емес, дүние жүзінде әр салада жемісті еңбек етуде. Олар өздерінің Мәскеу мемлекеттік университетінің түлектері екендігін зор мәртебе санайды.

Мәскеудегі дүниежүзінің ғалымдары жиналған осынау жиында

● Мерейтой

# РЕСЕЙДІҢ БАС БІЛІМ ОРДАСЫ

24-27 қатар күндері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Т.Ә. Қожамқұлов бастаған, құрамында университеттің Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры А.И. Купчишин, “Парасат” кәсіподағының төрайымы М.Т. Мұқашева бар делегация мүшелері аты әлемге әйгілі Мәскеу мемлекеттік университетінің 250 жылдық мерейтойына қатысып қайтты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың құттықтау сөзі ерекше ықыласпен тыңдалды. Мерейтойға тарту ретінде бүгінгі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары, бұрынғы Мәскеу мемлекеттік университетінің түлектерінің естеліктері жарияланған “Қазақ университеті” газетінің арнайы саны жарық көрген болатын. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ делегациясы ММУ-дың ректоры, академик В. Садовничийдің қабылдауында болып, осы газетпен қатар естелік тарту-таралғылар жасалды.

24 қаңтар күні өткен “М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіне 250 жыл” атты Халықаралық конференцияға әлемнің түкпір-түкпірінен 500-ден астам шетелдік қонақтар, дүниежүзінің 150 университетінен өкілдер, Ресейдің 400 жоғарғы оқу орындарының басшылары бас қосты. Осыдан кейін ҚазҰУ делегациясы Мемлекеттік Кремль Сарайындағы салтанатты жиынға қатысып, өнер жұлдыздарының концерті мен театрландырылған көріністі тамашалады.

Әлемдік беделі жоғары білім ордасындағы айтулы жаңалық - университеттің Іргелі кітапханасының ашылуы болды. 1072 жылы жазылған “Апостол” қолжазбасы сақталған бұл кітапханада бір мезгілде 84 залда 1000 оқырманға қызмет көрсетіледі. Барлығы бірдей компьютер желісіне қосылған. 8 қабаттан тұратын жаңа үлгідегі ғимаратта ММУ тарихының музейі, 1200 орындық акт залы, 75 орындық үш аудитория орналасқан. Мұнда университет оқытушылары мен студенттер ғана емес, кез келген оқырман қалаған кітабын алып оқуына барлық жағдай қарастырылған көрінеді.

Өркениеттіліктің бір белгісі - білім мен ғылымға, оқу ордасына зор көңіл бөліп, дәріптеу болса керек. Осы тұрғыдан Ресей Президенті В. Путиннің өзі бас болып, университет мерейтойының әлемдік деңгейде аталып өтуі тағылымы мол үрдіс екені анық.

Ғалия Аксейіт,  
ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

● Тұсаукесер

17 ақпан күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті кинозалының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Соңғы уақыттарда қазақ көрермені отандық кинофильмдерді көруден қалды. Телеарналар мен кинотеатрлар мойын бұрмай шет елдердің фильмдерін береді.

# ҚазҰУ-да кинозал ашылды

Бұл кинолардың халқымызға, әсіресе ескеден ұрпаққа моральдық-психологиялық тұрғыдан тигізер зияны көп. Сондықтан болар, бұрынғы кеңестер одағының елдері, Ресей өз кино өнімдерін қайта жандандыруға талпынуда. Нәтижесі де жоқ емес. Қазақстанда да 2-3 жылдың көлемінде “Қазақфильм” киностудиясы біраз киноларды жарыққа шығарды. Олардың көпшілігі халықаралық байқауларға қатысып, жеңімпаз атанып та жүр. Өкініштісі, өз елімізде осы рухани құндылықтың қанатын кең жая алмауында болып отыр. Тәуелсіз еліміздің болашағы жастардың ұлтын сүйетін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын қастерлейтін болып өсуі олардың бойына ұлттық рухани байлығымызды сіңіруге байланысты екені анық. Осы жолда киноның алар орны ерекше.

Ш. Айманов атындағы “Қазақфильм” ұлттық компаниясы мен “Kazakh Cinema Distribution” компаниясы Кино үйіндегі секілді ҚазҰУ-дың кинотеатрында да отандық кино

өнімдерінің тұсаукесерін өткізіп отыруды жоспарлап отыр.

ҚазҰУ ректоры Т.Ә. Қожамқұлов алдағы уақытта отандық көркем фильмдерді көрсетіп тұратын жастар қалашығындағы кинозалдың ашылуы студенттер үшін жан-жақты, білімді, тәрбиелі болуға жетелейтін зор мүмкіндік екенін атап өтті. Кинозалдың ашылуына арнайы келген қазақ кино актерлерінің бірегейі Асанәлі Әшімов жастармен тығыз байланыста жұмыс істеуге ынталы екенін білдіріп, өлі еш жерде көрсетілмеген “Тұздықөл жағасындағы үй” атты көркем фильмін алғашқы болып ҚазҰУ студенттері тамашалайтынын айтты.

“Қазақфильм” ұлттық компаниясының директоры Сергей Әзімов пен қазақ киноларын шетелге шығаруды мақсат етіп алған “Kazakh Cinema Distribution” компаниясының басшысы Ілияс Ысқақов ҚазҰУ кинозалының үлкен рухани ордаға айналуына көмектерін аямайтындықтарын айтып, ұлттық киноны аңсап жүрген студент жастардың көңілін

серпілтіп тастады.

Кинозалдың ашылған күні режиссер Рүстем Әбдірашевтің “Қаладан келген қыз” (“Остров возрождения”) атты көркем фильмін көрсетілді.

“Қаладан келген қыз” ТМД елдері киносының ашық фестивалі мен Балтық елдерінде өткен “Киношок-2004” фестивалінде “Үздік фильм” номинациясын жеңіп алған. Сонымен қатар, 2004 жылы Алматыда өткен екінші “Шөкен жұлдыздары” фестивалінде “Үздік сценарий” номинациясы бойынша (сценарий авторлары Ғалия Елтай, Ғазиз Насыров) гран-приге ие болды.

Сонымен бірге, кинозалдың салтанатты ашылуына “Қаладан келген қыз” көркем фильмінің бас кейіпкерлері келіп, журналистер мен қызығушылық танытқан студенттердің сұрақтарына жауап берді.

Студенттер үшін ашылған кинозалдың билет құны 100-200 теңге.

Торғын ТҮРЛЫБАЕВА

● Құрмет



М.К. Барманқұловтың есімі Қазақстан телевизиясының теориясы және жалпы дамуымен тығыз байланысты. Көп жылдар журналистика факультетінде ұстаздық еткен Марат Кәрібайұлы қазіргі уақытта журналис-

# Барманқұловты еске алу кеші

14 ақпан күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде белгілі журналист Марат Кәрібайұлы Барманқұловты еске алу кеші болып өтті.

тика саласынан ойып орын алған шөкірттері жиі еске алып, оның тауып айтқан сөздері мен мамандыққа қатысты ақыл-кеңестерін өз кезегінде пайдаланып отыратындықтарын жасырмайды. М.К. Барманқұловтың телевизияға қатысты ғылыми еңбектері тек Қазақстанда ғана емес, Ресейде де таптырмайтын

оқулық болып отыр. Сонымен қатар, оның түркология саласындағы ізденістері мен туындылары өз алдына бір өңгіме.

Еске алу кеші барысында “Хабар” агенттігінің ұжымы дайындаған “Линия судьбы” атты деректі фильм көрсетілді. Деректі фильмде Барманқұловтың өмірі мен шығармашылық жолы туралы туған-туыстары, бірге қызметтес болған әріптестері жарқын естеліктерін айтады. Ал бұл фильмнің авторлары Болат Нүсіпбеков пен Нүргүл Дүйсенова студенттердің сұрақтарына жауап берді. Кешті жүргізген профессор Сағымбай Қозы-

баевтың ізгі адам, кәсіби маман жайлы сағынышқа толы өңгімесі өте тартымды болды. М. Барманқұловтың ізін жалғастырушы ұрпағы өке жолын қуып, журналистика саласында қызмет етіп жүрсе, оның бұдан да биік мінбері – “Қазақ телевизиясының өкіл өкесі” атануы болса керек.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетіндегі Барманқұлов атындағы телестудия да кезінде осы кісінің тынымсыз еңбегінің арқасында ашылғаны рас.

Өз тілшімізден



■ Соңы. Басы 1-бетте

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ұжымы арасында Елбасының жас ұрпаққа, студенттер мен оқытушыларға жасалатын қамқорлығы айрықша ризашылық тудырды. Оның көрінісін әр факультеттерден, кафедралардан, студенттер қауымынан келіп түскен 40-тан астам ой-пікірлер мен ұсыныстардан көруге болады. Әсіресе химия, физика, шығыстану, халықаралық қатынастар факультеттерінің талқылау қорытындыларын айрықша атауға болады. Талқылау барысында Жолдауда Қазақстан жоғары оқу орындарының әлемдік стандарттар деңгейінде білім беруге ұмтылу қажеттілігіне ерекше мән берілгендігі баса айтылған. Жолдаудың студенттер қауымының көңілінен шыққан ерекше тусы — білім беруге арналған гранттар мөлшерін 50%-ке арттыру тапсырмасы болды. Сондай-ақ,

еселенетін студенттік стипендиялардың бөлінуі — мемлекет басшысының оқиын деген жастарды қолдауының анық көрінісі емес пе?! Сол 18 ақпанда жақсы жаңалықты естіп, ата-ана мен жақын жолдастардан сүйінші сұраған әрбір оқушы, әрбір студент шынында да қанаттарын жайып, жарқын болашақты елестете самғаған шығар”, — деген сөздері жалпы студенттер арасында бір арнадан шықты.

Сонымен қатар, Елбасы Жолдауының “Жасыл ел” атты бағдарламасында көрсетілген студенттердің тұрғын үй құрылысына белсене қатыстырылуы студенттердің әлеуметтік деңгейінің көтерілуіне үлкен қолдау екендігі баса айтылды. Мәселен, химия факультетінің оқытушылары: “Жолдаудағы студент жастарымызды еңбекке баулуға шақыру мәселесі орынды, еңбек ету арқылы да болашақ жастарымызды рухани тәрбиелеуге болады. Болашақ жастар еліміздің көркейіп,



Намазалы ОМАСЕВ,  
әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ-дың Тіл және тәрбие  
жұмысы жөніндегі проректоры

орындарында білім алулары үшін республикалық бюджеттен қаражат бөлінетіндігі, ең үздік, ең лайықты студент жастардың шетелдерде білім алуларына жәрдем беруі — Елбасының келешек ұрпаққа жасап жатқан қамқорлығының басты көрсеткіші деп санайды. Сондай-ақ, халықаралық қатынастар факультетінің

ықыласын оятып, білімге деген ұмтылыстарын бұрынғыдан да ұштай түсетіндігін айта келіп, бұл шараны еліміздің болашағына бағытталған ең игілікті бастама ретінде жоғары бағалады.

Тарих факультетінің профессорлары мен оқытушылары Білім және ғылым министрлігі Жоғары оқу орындарының қауымдастығымен бірлесіп, профессор-оқытушылар құрамына қолдау көрсету жүйесі ғылыми зерттеулер жүргізіп, оқытушылардың ғылыммен айналысуына алғышарт жасайтындығын, “Үздік оқытушы” деп аталатын мемлекеттік стипендияның профессор-оқытушылар құрамын жаңашылдыққа, тәжірибелер алмасуға, жаңа әдістемелердің қолданылуына, ғылыми жаңалықтардың ашылуына септігін тигізетінін атап өтті. Сондай-ақ, физика факультетінің профессор-оқытушылар құрамы Қазақ ұлттық университеті мен Еура-

# ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДЕГІ ЖАҢА СЕРПІЛІС

екінші деңгейдегі банктер арқылы студенттерге несие бөлуі осы заманғы жүйесін жасау әрбір қазақстандықтың жоғары білім алуына нақтылы кепіл болатындығы ерекше қуанышқа бөледі. Осыған орай шығыстану факультетінің 2-курс студенті Әсел Жайсаңбай: “1 шілдеден бастап екі

бұдан да үлкен жетістіктерге жетуіне қол ұшын тигізетіндігіне анық сенімдіміз”, — деп пікірін білдірген.

Филология факультетінің ұжымы Жолдауды талқылау барысында жыл сайын үш мың үздік студентке “Болашақ” бағдарламасының шеңберінде әлемнің ілгері жоғары оқу

ғалымдары мен студенттері Елбасы тапсырмасына орай “Болашақ” бағдарламасымен білім алатын жастардың саны 3000 адамға дейін көбейтіліп, шетелдің ең озық университеттерінде білім алуға жол ашылғандығын, әсіресе әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу озаттарының айрықша

зия ұлттық университетіне 20 шетелдік оқытушы кеңесшілер тарту үшін 2 млн. доллар қаржының бөлінуі біздің университетіміз үшін үлкен бедел екендігін мақтанышпен айтады. Сонымен қатар, Батысқа танымал өзіміздің мамандарымызды дөріптеп, жағдай жасау керек деген Елбасымыздың тапсырмасы университет ұжымы арасында қолдау тапты.

Елбасы Жолдауында көтерілген әлеуметтік мәселелер де профессор-оқытушылар арасында кеңінен талқыланды. Осы орайда экономикалық және әлеуметтік география кафедрасының профессоры Е.Ұ. Жамалбеков Елбасы Жолдауындағы зейнеткерлерге зейнетақы мөлшерінің 3000 теңгеге өсуі тәуелсіз мемлекетімізде тұратын қарт зейнеткерлердің әлеуметтік жағдайының біршама көтерілуіне септігі тиетіндігін мақтанышпен айтып, еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевқа университет зейнеткерлері атынан үлкен алғысын білдірген.

Студенттер тарапынан келіп түскен пікірлер мен жүрекжарды жыр жолдары бар. Соның бірі — төменде келтірілген шығыстану факультетінің 2-курс студенті Сәбитова Әселдің жыр шумақтары:

*Жүректен жарып шыққан  
жан толғауын  
Нұраға, жолдадыңыз  
халқыңызға!  
Өткенге көз жүгіртіп,  
баға беріп,  
Салтсыз соның бәрін  
талқымызға...  
Халқымыз қуат алып сөзіңізден,  
Көп үміт күтіп отыр өзіңізден!*

Бұл - Елбасы Жолдауының әсерлі де манызды екендігінің, ғылыми қауым, студенттік ортада үлкен қолдауға ие болғандығының айғағы.

● Мнение преподавателя

## Конституция - основа цивилизованного общества

В Послании Президента четко и ясно говорится: “Прежде всего необходимо максимально использовать потенциал действующей Конституции”. В этом значимость данного Послания. В Конституции Казахстана представлены главные ценности, на которых зиждется общество и государство. Значимость действующей Конституции в том, что в ней ярко выражено общесоциальное начало, реализуются интересы широких слоев населения, заложены нормы, направленные на обеспечение благосостояния все слоев населения. Анализ ее основополагающих принципов позволяет утверждать, что она объективно предрасположена к тому, чтобы стать основой правового государства.

Конституция является не только политическим документом, это есть практическое руководство к действию для всех общественных организаций, государственных органов. Хочу обратить внимание на то обстоятельство, что этот документ оказывает серьезное влияние на содержание всей системы правового регулирования, устанавливаемой центральными и местными органами. И в этом отношении нормы действующей Конституции достаточно четко и определенно устанавливают порядок взаимоотношения ветвей власти, разрешения конфликтных ситуаций. Полагаю, что в рамках действующего Основного закона может функционировать государство, развиваться общество и индивид.

В Послании Президента народу Казахстана поставлены многие задачи и обязательства перед государственными органами, реализация которых безусловно окажет благоприятное влияние на все казахстанское общество. Это и выборы в местные исполнительные органы, децентрализация власти, передача больших полномочий местным органам управления, реформа судебных органов, создание суда присяжных и т.д. Реализация этих задач в ближайшем будущем возможна в рамках действующей Конституции.

Статья 1 Конституции РК гласит, что Казахстан утверждает себя в качестве правового, социального, демократического государства с президентской формой правления. В Послании Президента сформулированы многие конкретные меры, направленные на реализацию этого конституционного положения. Особенно это касается социального блока. Введение с 1 июля 2005 г. государственных пособий по уходу за ребенком до одного года, выплата всем пенсионерам дополнительной базовой пенсионной выплаты в размере 3 000 тенге есть реальные действия социального государства.

А.С. ИБРАЕВА,  
к.ю.н., доцент, зав. кафедрой  
теории и истории государства и  
права КазНУ им. аль-Фараби

### ● Обсуждаем Послание Президента РК

#### Физический факультет:

Студенты, принимавшие участие в обсуждении, полностью поддерживают Президента страны в том, что нашему обществу не нужны какие-либо революции или потрясения. Мы верно идем по пути улучшения жизни народа Казахстана. Студенты высоко оценили усилия главы государства, направленные на решение социальных задач.

#### Кафедра химической физики и химии высокомолекулярных соединений:

Отрадно отметить, что в своем Послании Президент не обошел стороной проблемы образования. Он отметил, что задача казахстанских вузов — предоставлять образование на уровне мировых стандартов, а дипломы ведущих из них должны быть признаваемы в мире. Мы должны стремиться к этому. Особенно воодушевляет студентов, что для решения этой задачи Президент поручает правительству увеличить объем предоставляемых образовательных грантов на 50%, создать систему студенческого кредитования через банки второго уровня, а самым достойным — обучение за рубежом в рамках программы “Болашақ”, а также увеличение стипендии в 2 раза. В своем обращении Президент уделил пристальное внимание проблемам преподавателей. Уже в текущем году молодые преподаватели могут решить свои жилищные проблемы по программе жилищного строительства. В текущем году выделено 2 млн. долларов для привлечения в наш и Евразийский национальный университеты 20 зарубежных консультантов-преподавателей. У нас на факультете тоже есть ученые, признаваемые на Западе, которые могли бы внести свою лепту в повышение образования в регионах Казахстана. А молодые преподаватели — повысить свой профессиональный уровень в передовых вузах за рубежом.

#### Факультет журналистики:

С большим интересом были выслушаны сообщения о приоритетах внешней политики Казахстана. Преподаватели и студенты полностью поддержали предложенную Президентом программу политических реформ и модель развития выборной системы и развития прав и свобод граждан.

Все полностью согласны с тем, что свобода слова — это условие обеспечения демократии, но, несомненно, ею ни в коем случае нельзя злоупотреблять. Были отмечены угрозы в адрес демократии. Особый интерес вызвали положения о реформе судов. К сожалению, мы не можем сказать, что наше общество полностью свободно от таких явлений, как экстремизм, международный терроризм и наркотрафик. Однако гордостью нашей внутренней политики является стабильность в республике, уважение ко всем религиям, к истории нашего народа, к его языку и культуре.

#### А. Руслан, студент механико-математического факультета:

Я полностью согласен с нашим Президентом и готов поддержать его. По-моему, он ведет правильную политику, так как народ ощущает его действия. Спасибо Назарбаеву!

#### А. Рысбекова, студентка факультета ПМ:

Я считаю, мы должны поддержать курс нашего Президента. В условиях жесткой мировой экономики мы сумели выстоять и в данный момент находимся на стабильной экономической ступени. Реально видны экономические и политические реформы. У нас одна из самых высоких пенсий в пространстве СНГ. По себе знаю, что уровень жизни улучшается. Надеюсь, мы постепенно придем к жизни в богатой стабильной стране.





● **Талаптыға нұр жауар**

Университетімізде еліміздің жастарына қазіргі заманның талабына сай сапалы білім беру жолында көптеген игі істердің жүзеге асырылып жатқаны бәрімізге аян. Білім берудің жаңа стандарттарына көшуде, оқытудың жаңа технологияларын игеруде, әлемдік білім кеңістігіне өз орынымызбен енуде соңғы кезде елерліктей жұмыстар атқарылғанының куәсіміз. Әрине, кез-келген жоғарғы оқу орынының білім беру деңгейі оның бүгінгі күнге лайық материалдық-техникалық базасының болуымен, профессорлар мен оқытушылар құрамының жоғарғы кәсіби деңгейімен тығыз байланысты екені мәлім. Сонымен қатар, университеттегі білім сапасын анықтайтын тағы да бір маңызды фактор бар. Ол - осы университетке түсетін талапкерлердің орта білім деңгейі. Орта мектептен алған жалпы білімі сапалы, оқуға деген ынтасы зор, әрі мамандығын саналы түрде таңдаған студенттері бар университеттің ғана тек Қазақстанның емес, сонымен қатар, алыс-жақын шет елдердің беделді университеттерімен де бәсекелесе алатыны, әлемдік білім кеңістігінде өзіне тән орнын табатыны даусыз. Ал, енді мұндай білімді талапкерді одан әрі тек терең білімді профессорлардың ғана тәрбиелеп шыға алатыны ақиқат.

Елжас пен Андрейді жоғарыдағы Москваның физика-техникалық институты ешқандай сынақсыз-ақ өздеріне қабылдаса, енді бірін, Жезқазғаннан келген кішкентай ғана қазақтың қара домалақ баласы Ернұрды Америка Құрама Штаттарындағы әйгілі Калифорния технология институты өздеріне шақырып, қабылдады. Ал, қалған екі жүлдегер - Мыңбаев Нәсіпбек пен Манахаев Руслан өзіміздің университеттің физика факультетінің ядролық физика мамандығына түсіп, қазір онда үздік оқып жүр. Айта берсек мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Тағы бір осындай келелі білім жарысы жақында, 2004 жылдың желтоқсан айында Индонезия республикасының астанасы Джакарта қаласында өтті. Ол жастардың I Халықаралық ғылыми олимпиадасы болатын. Бұл білім сайысына жүзден жүйрік шыққан, дүние жүзінің 30 елінен қатаң іріктеліп алынған 200-ге тарта жас таланттар келді. Біздің көк байрақтың астында еліміздің намысын мына оқушылар қор-

және басшылығымен өтеді екен. Мұның бір ғана дәлелі, Тайвань, Сингапур, Тайланд, Вьетнам және Оңтүстік Корея елдерінде өткен, өзіміз қатысқан, Азиялық физика олимпиадаларының барлығын да осы елдердің президенттері ашып, оның жұмысына аса зор ықылас танытуы. Үлкендердің білімге, ғылымға деген мұндай ерекше ықыласын көрген, желкілдеп өсіп келе жатқан жас таланттың көңілінде өзі таңдаған жолдың саралығына деген сенім ұялап, санасында өшпестей із қалатыны сөзсіз. Тәрбие дегеннің ең үлкені де осы болар. Мұндай ерекше ықыластың тағы бір себебі осы елдердің президенттерінің бірқатарының ғылымға тікелей қатысы болуында ма деп ойладық. Мәселен, жарыс өткен Индонезия Президентінің өзі үлкен ғалым адам.

Бұл жарыста біздің балаларымыз өте жақсы білім деңгейін көрсетті. Оразаев Диас олимпиаданың алтын медалін алса, Анненков Василий күміс медалін иеленді. Осындай жұлдызды

● **Профориентационная работа**

**ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЙ  
ТУРНИР**

Проведение мероприятий в честь великих учителей и известных ученых стало доброй традицией на химическом факультете нашего университета. В связи с этим с 23 по 27 января этого года прошла открытая городская олимпиада по химии среди учеников 9-11 классов, посвященная 110-летию юбилею ученого-химика с мировым именем академика Академии наук Республики Казахстан Михаила Ильича Усановича.



Олимпиаду открыл декан химического факультета доктор химических наук, профессор Ж.А. Абилов. На открытии олимпиады заведующий кафедрой физической химии и электрохимии доктор химических наук, профессор М.К. Алдабергенов сделал интересный доклад о жизненном пути выдающегося ученого М.И. Усановича. Михаил Ильич своими трудами внес большой вклад в мировую химическую науку в области теории водных и неводных растворов. Имя Михаила Ильича Усановича вошло в изданную в Берлине энциклопедию "Биографии великих химиков" рядом с именами таких известных миру личностей, как Парацельс, Бойль, Ломоносов, Менделеев, Фарадей и другие.

В олимпиаде приняли участие 133 учащихся из 31 школы города и области. Олимпиада прошла в два тура: теоретический и практический. По результатам теоретического тура лучшие ученики из каждого класса были допущены к практическому туру.

Школьники, набравшие высокие баллы в обоих турах, были награждены грамотами и ценными подарками. Всем участникам олимпиады и их учителям были вручены грамоты с благодарностью.

Основная цель проводимых олимпиад - ознакомление с химическим факультетом университета, профориентация и оказание методической помощи учителям-химикам. Поэтому в программу олимпиады включаются встречи ведущих профессоров с учителями, на которых обсуждаются проблемы школьного химического образования, решаются конкретные вопросы повышения качества подготовки будущих химиков, даются сведения о профессии и содержании обучения на нашем факультете.

Как показывает многолетний опыт, проведение таких олимпиад способствует целенаправленному выбору учащимися своей будущей профессии и подготовке к ней.

**С.П. БИНАЗАРОВА,**  
аспирантка кафедры физической химии и электрохимии

**БІЛІМ ЖАРЫСЫНДА  
ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДАМЫЗ**



Индонезия Президенті доктор Сусило Бамбанг Юдхоуоно Қазақстан командасының жетекшісін құттықтайды

Бір анығы, университетімізге нағыз талантты жастарды көптеп бағдарлаудың маңызы аса зор. Елімізде бүгінгі күні қалыптасқан Бірыңғай ұлттық тестілеу талаптарына сәйкес, ертеңгі талапкерлер өзінің болашақ мамандығын мектеп қабырғасында жүріп-ақ таңдайды. Сондықтан бұл маңызды іс-шараларды болашақ студенттеріміз мектептің соңғы сыныптарында оқып жүрген кезде-ақ қарқынды түрде жүргізуге тиіспіз. Осымен байланысты алыс-жақын шет елдердің белді университеттеріндегі, әсіресе Москва физика-техникалық институтындағы істердің мол тәжірибесі жіті назарға алғанға лайық. Кезінде Нобельдік сыйлықтық екі бірдей лауреаттары Петр Капица мен Николай Семеновтың тікелей басшылығымен ұйымдастырылып, қалыптасқан бұл университеттің жас таланттарды елдің түкпір-түкпірінен табудағы, оларды оқуға түсуге даярлаудағы, одан әрі университет қабырғасында сапалы оқытудағы мол тәжірибесін үйренуге, біздің жағдайымызға ыңғайлап қолдануға әбден болады. Бүгінгі күні осы университеттің қабырғасынан білім алып шыққан түлектер АҚШ пен Европаның көптеген белді ғылыми орталықтарында табыспен жұмыс істеп жатыр. Бұл университеттің дип-

ломы әлемнің кез-келген жерінде шүбәсіз мойындалады.

Талант қайда да болса талант. Тек оны тәрбиелеп, бағдарлай біл. Құдайға шүкір, біздің халқымыз да таланттан кенде емес. Мұны біз бірер жылдан бергі дарынды жастармен жұмыс істеу тәжірибемізден айқын байқадық. Оның бір ғана дәлелі, сан алуан елдерден келген балалар қатысатын әртүрлі халықаралық олимпиадалардағы жетістіктері. Бұл жетістіктер шындығында да мақтануға лайық. Осындай дарынды балаларды университетімізге бағдарлауда бірқатар игі істер де жасалмай жатқан жоқ. Мәселен, математика, физика, химия және биология тәрізді жаратылыстану пәндерінен республикалық олимпиадаларды сапалы өткізудегі, талантты жастарды танып, тауып, оларды одан әрі тәрбиелеудегі, университетімізге бағдарлаудағы Е.Байсалов, Қ.Бекішев және А.Бейсембаев тәрізді оқытушыларымыздың еңбектері елерліктей. Соның бір ғана мысалы, өткен жылы Оңтүстік Кореяда өткен халықаралық физикалық олимпиада. Осы олимпиаданың қазақстандық екі жүлдегерін -

ғады: Оразаев Диас, Таинов Ринат, Молдашев Дархан, Мұтанов Бекжан, Сексенбаев Жандос және Анненков Василий. Команданы жарысқа осы жолдардың авторы даярлап, алып барды. Олимпиада жұмысы басынан аяғына дейін ағылшын тілінде өтті. Оның ұйымдастырылуы және ғылыми-әдістемелік деңгейі аса жоғарғы болды.

Олимпиаданы Индонезия Республикасының Президенті, доктор Сусило Бамбанг Юдхоуоно өзінің шет елдерден келетін құрметті қонақтарды қабылдайтын Мемлекеттік Сарайында аса салтанатты жағдайда ашты. Бұл ашылуға осы елдің білім мекемелерінің тізгінін ұстаған басшылар түгелдей дерлік қатысты.

Осы жерде әртүрлі халықаралық олимпиадаларға қатыса жүріп өзіміз байқаған бір ерекшелікті айта кеткен жөн тәрізді. Оның мәнісі мынада. Соңғы жылдары Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің экономикасының

жарыста бір жарым миллиард халқы бар Қытай, немесе жүз елу миллионнан аса халқы бар Ресейден келген орыс баласымен аз ғана халқымыздан шыққан Қазақстандық балалардың иық тіресіп тұруы шындығында үлкен табыс болатын. Тіптен біздің балалардың көрсеткен нәтижесі біз тәрізді бір алтын, бір күміс медаль алған Ресей командасының нәтижесінен сәл жоғарылау болатын. Қазақстандықтарды бұл табысымен Индонезия Президентінің өзі тікелей құттықтады.

Әрине, бұл жетістіктердің басты кілті таланттарды қолдаудағы біздің елімізде жүргізіліп жатқан игі істерде. Елбасымыздың тікелей нұсқауымен құрылған "Дарын" ғылыми-тәжірибелік орталығы, "Болашақ" бағдарламасы, дәстүрге айналған талантты жастардың елбасымен жыл сайынғы кездесуі мұның айқын дәлелі. Осындай келелі істердің жалғасындай тағы бір маңызды шара алда күтіп тұр.

Ол физика пәнінен болатын Азия елдерінің VII олимпиадасы. Бұл кезге дейін Оңтүстік Шығыс Азияның әртүрлі елдерінде өткен бұл олимпиада 2006 жылдың көктемінде Қазақстанда, біздің университеттің қабырғасында өтіледі деп күтілуде. Бұл жарысқа Оңтүстік Шығыс және Орта Азияның жиырмадан аса елдерінен жас таланттар келетін болады. Әртүрлі елдерден келген талантты құрдастарымен танысып, сырласу біздің балаларды да рухани жағынан байыта түсер деген үміттеміз. Олар бұл жарыста да өз білімдерімен жарқ етіп көзге түсер деп те ойлаймыз. Халқымыз "Бұлақ көрсең, көзін аш" деген. Алғашқы қадамын жасаған жас талантты қолтығынан демеп жіберу әрбір ұстаздың қасиетті борышы.

**Оңалсын ИМАМБЕКОВ,**  
физика факультеті деканының орынбасары

**Талант қайда да болса талант. Тек оны тәрбиелеп, бағдарлай біл. Құдайға шүкір, біздің халқымыз да таланттан кенде емес. Мұны біз бірер жылдан бергі дарынды жастармен жұмыс істеу тәжірибемізден айқын байқадық.**

үлкен табыстарға жеткені бәрімізге аян. Бұл жетістіктердің бір сыры осы елдердегі білім мен ғылымды дамытуға деген ерекше ықыласта ма деп ойлаймыз. Бұл елдер бір жағынан өздерінің талантты жастарын әлемнің түкпір-түкпіріндегі белді университеттерге жіберіп білім алдырса, екінші жағынан, өз елдеріндегі білім беру жүйесін қайта қарап, орта және жоғарғы оқу орындарын дамытуға ерекше көңіл бөлуде. Осы елдердегі әріптестеріміздің айтуынша, мұндай маңызды шаралардың барлығы ел президенттерінің тікелей қадағалауымен



● **Международные контакты**

Кафедра международной журналистики возродила традицию чтения лекций зарубежными учеными. Зав. кафедрой профессор Галия Ибраева специализируется по теме СМИ США и неоднократно посещала эту страну как стажер и как визитинг-профессор. В данной публикации она рассказывает о коллеге из Кембриджа Ричарде Стоуне.

## Эссе и интервью по-СТОУНовски

### Две миссии

Ричард Стоун приехал в КазНУ имени аль-Фараби по программе Фулбрайта для выполнения двух миссий. Первая из них – преподавательская. Как редактор журнала "Science" и преподаватель университета Санта Круз (Калифорния, США) по специальности "Научная журналистика" он будет делиться практическим опытом со студентами кафедры "Международная журналистика". Вторая миссия – научная. Ричард закончил биологический факультет Корнельского университета (Великобритания) и неоднократно получал престижные журналистские награды за выдающиеся публикации по науке, поэтому он планирует проведение научных исследований в Казахстане.

### В поисках плутония

Идея приехать в Центральную Азию возникла у Ричарда Стоуна в прошлом году, когда он посетил Семипалатинский полигон по заданию журнала "Science". Он был в Курчатове, видел заброшенные многоэтажные дома, разрушенные здания. Но его волновала другая серьезная проблема – закопанный в земле плутоний. Западных экспертов, как оказалось, волнует, что террористы могут выкопать плутоний и использовать его для производства атомных бомб. Побывав в Семипалатинске, Ричард убедился, что практически вся территория, где находится плутоний, покрыта толстым слоем бетона. Он говорит, что было странно видеть бескрайнюю степь, покрытую бетоном и планирует провести интервью со всеми учеными, которые когда-либо зани-

курс по теме "Журналистика и наука" в одном из американских университетов. Затем успешно читал этот же курс в Ростовском университете на факультете журналистики. Он гордится, что многие его студенты серьезно увлеклись научной тематикой и стали строить свою профессиональную карьеру как журналисты-экологи. Его студенты создали университетскую газету "Эколог", которая раскрывала важную тему окружающей среды. Другие его студенты смогли написать материалы, опубликованные в американской прессе.

Ричард надеется, что, работая в Казахском национальном университете имени аль-Фараби, он встретит много талантливых и пылких студентов, которых тоже заинтересует экологическая тема. Он считает, что надо серьезно изучать проблемы бассейна Аральского моря, влияние нефтяных разработок на Каспии на геополитический климат планеты, в том числе на Тянь-шаньские горы, и другие вопросы Центральноазиатского региона.

В вводной лекции Ричард сказал, что будет учить, как брать интервью, как создавать статьи для журнала, обсуждать каждую деталь создания газетного материала, рассматривать специфические профессиональные вопросы. Лекции строятся, в основном, не как теоретические занятия, а больше как дискуссионные, практические. Студенты учатся правильно формулировать свои мысли, чтобы критически обсуждать, анализировать журналистские материалы и свои собственные сочинения. Основной принцип журналистика – это творчество, и мастерство можно отточить только

уже и медицине самая заполненная. Кто может стать читателем вашего материала? Это сотни университетов, корпораций, правительственных агентств, адвокатских групп, независимых исследовательских институтов, музеев, пиар-агентства, госпитали и научные журналы – все хотят прочесть несколько ваших слов. Репортеров, пишущих о науке в газетах, академики называют

"охранниками ворот", потому что эта работа позволяет им решать, какие научные достижения в мире становятся новостью для общества. Пиарщики каждой медицинской организации знают, что если они завоюют ваше внимание и интерес, то они завоюют очко. Они знают, что если ваша газета напишет, то другие масс-медиа за ней последуют. Газеты – это передовая линия научной коммуникации, где большинство научных статей впервые появляется до того, как они появятся в журналах, намного раньше того, как они будут опубликованы в книгах, и на годы опережают теледокументалистов, которые создадут об этом фильм. Газеты, освещающие научные темы, охватывают широкую аудиторию. Отличает газету то, что она становится для большинства американцев продолжением образования. Многие люди не читают научных журналов и книг, поэтому научные газетные статьи должны быть кратким курсом в науку. Согласно исследованиям, научные истории популярны так же, как спортивные статьи. Причина ясна: медицинские статьи всегда говорят о человеческом организме, и человек связывает их контент со своими надеждами и страхами.

### Приходите – всех научим

В течение двух семестров Ричард Стоун будет читать два курса по журналистике: "Как писать статьи в зарубежные издания", "Научная журналистика". Эти спецкурсы посещают, кроме наших, студенты с других факультетов, в том числе и естественных.

Вот некоторые темы его лекций: "Техника интервью", "Как подготовить хорошую научную статью?", "Научная терминология: метафоры, аналогии, синонимы", "Как писать эссе?" и т.д. На каждом занятии студенты разбирают статьи и заметки, подготовленные по заданию преподавателя. Хотя стиль и слог пока не отличаются высоким мастерством, есть надежда, что за этот год, усердно работая, студенты добьются успеха.

### Продукт сотворчества

Появление Ричарда Стоуна стало мощным катализатором и заметно активизировало жизнь кафедры. Преподаватели, посетив ряд лекций Ричарда, еще раз убедились в важности перехода от теории к практике. Стали корректировать рабочие программы и цели курсов, ориентироваться на практический результат – продукт журналистского творчества. Каждая лекция Ричарда Стоуна записывается на видеокассету, чтобы студенты могли посмотреть ее в любое удобное для них время. Кроме того, преподаватель использует такую форму занятий, как презентации лекций, а также интернет, компьютерные технологии, предлагает достаточное количество наглядных материалов. Он помогает ученым кафедры в поиске новых исследовательских программ, организации научных и творческих зарубежных командировок, которые непременно обогатят лекционные курсы и учебные пособия казахстанских коллег. Ричард Стоун надеется, что общение с учеными КазНУ станет для него хорошей практикой как для журналиста и как для ученого-биолога. А в журнале "Science" появится больше материалов о научной жизни ученых Казахстана.

практикой. Кроме того, это практика общения и письма на английском, что немаловажно для будущих журналистов-международников.

### Журналистские дороги

Ричард Стоун неоднократно бывал в самых разных странах в поисках интересных тем для своих статей. Он был в Сибири, когда писал о появлении там новой неизвестной болезни, в Северной Корее, чтобы побеседовать с учеными-атомщиками, посетил Украину, Грузию. Нередко он бывает в Китае и Японии. Эти поездки позволили ему приобрести много новых друзей в мире науки и журналистики. Из казахстанских ученых он назвал профессоров Зулхайра Мансурова и Мухаша Буркитбаева, которые тоже способствовали его приезде в наш университет.

### Наука в ежедневной газете

Ричард говорит, что в редакции отдел писем – это источник для написания статей для ежедневной газеты. А почта репортеров по на-

### ● Обзор прессы

## КазНУ открывает новый информационный сезон

"Егемен Қазақстан". Первый номер этого года, без преувеличения можно сказать, был посвящен нашему университету. Убедитесь сами. Впервые, это совместная статья-отклик ректора Т.А. Кожамкулова и студенческого сената университета на опубликованную в конце прошлого года лекцию Н. Назарбаева "Новая эпоха – новая экономика" – "Елдік туралы сөз" ("ЕК", 1 января 2005 г.).



"Бістық кайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек" – так называется статья профессора Ж.Д. Дадебаева, которую он посвятил известному педагогу и общественному деятелю Избасару Балтагулову ("ЕК", 1 января 2005 г.).

И наконец, в этом же номере опубликован материал еще одного профессора нашего университета Сагымбая Козыбаева. Статья посвящена 85-летию газеты "Казахстанская правда" и рассказывает об истории становления этой газеты – "Газет жолында – дәуір тынысы" ("ЕК", 1 января 2005 г.).

"Алматы ақшамы". О первом визите в КазНУ министра образования и науки Казахстана Бырганыш Айтимовой рассказывается в материале "Білім министрі ҚазҰУ-де" ("АА", 22 января 2005 г.). Б. Айтимова встретила с коллективом университета и вручила научные премии девяти ученым нашего университета.

"Қазақстан-Zaman". Вопросы и проблемы духовного воспитания поднимает проректор по языкам и воспитательной работе КазНУ профессор Н.О. Омашев в статье "Рухани тәрбиеге ерекше көңіл бөлейік" ("Қ-З", 28 января 2005 г.).

"Наука и высшая школа Казахстана". Другая статья профессора Намазлы Омашева также раскрывает тему духовного воспитания, но уже в студенческой среде – "Рухсыз ел болмайды" (15 января 2005 г.).

ТРК "Хабар". Программа "Вся страна" записала интервью с заведующей кафедрой международной журналистики КазНУ, профессором Г.Ж. Ибраевой о современном состоянии, развитии и перспективах казахстанской журналистики (24 января 2005 г.).

РТРК "Казахстан". Доцент кафедры истории Казахстана Б.Б. Карибаев дал комментарий по вопросу об образовании казахских ханств в XVI в. для программы "Күлтөбе" (24 января 2005 г.).

В утреннем эфире программы "Таңсәрі" первого национального канала прозвучало интервью с председателем профсоюза "Парасат" Маншук Мукашевой, темой которого стало открытие и проведение в КазНУ 33-ей спартакиады "Здоровье" (телеканал "Казахстан", 20 января 2005 г.).

"Казинформ", "31 канал", "ЮСА", "НТК". Электронные СМИ в своих новостных блоках дали репортажи об открытии ежегодной спартакиады КазНУ "Здоровье".

"Страна и мир", "Дала мен қала", "Алматы ақшамы", "Спорт КЗ". Газеты информируют о проведении 33-ей ежегодной спартакиады "Здоровье" среди профессорско-преподавательского состава, сотрудников и аспирантов КазНУ.

Теперь о важных событиях, получивших резонанс в материалах СМИ в феврале.

"Казахстанская правда" опубликовала Письмо Президенту страны группы ученых-правоведов в защиту действующей Конституции Казахстана (11 февраля 2005 г.). Основной состав этой группы профессоров-правоведов представляют ученые нашего университета – К. Халиков, Д. Байдельдинов, А.Н. Агыбаев, М.Б. Валиев, З.Ж. Кенжалиев.

Президент Н. Назарбаев в своем очередном Послании к народу Казахстана, транслировавшемся 18 февраля в прямом телеэфире, всенародно поддержал обращение наших ученых и дал положительную оценку их инициативе.

Агентство Казинформ, Казахское радио, НТК, 31 канал освещали работу 35-ой научно-методической конференции профессоров и преподавателей КазНУ "Подготовка конкурентоспособных специалистов в условиях интеграции в мировое образовательное пространство" (3 февраля 2005 г.).

Телеканалы "Южная столица", "НТК" (6 февраля 2005 г.), газета "Наука и высшая школа Казахстана" в своих новостных блоках дали репортажи с ежегодного университетского праздника "Зима-2005".

"Казахстанская правда", "Хабар", "Казахстан", "Ана тілі" (17 февраля 2005 г.), "Қазақ әдебиеті", "АиФ-Казахстан", "Комсомольская правда-Казахстан". 11 февраля журналисты около двадцати телеканалов и печатных изданий присутствовали на торжественной церемонии открытия учебной аудитории на историческом факультете, которой было присвоено имя известного ученого Манаша Козыбаева.

Казинформ, "Хабар", НТК (14-18 февраля 2005 г.) посвятили свои информационные материалы юбилейной неделе, прошедшей на историческом факультете в честь 90-летия со дня рождения другого известного ученого Ермахана Бекмаханова.

"Казахстан", КТК, НТК, "31канал" в своих информационных программах показали сюжет об открытии в студенческом городке кинозала КазНУ (17-18 февраля 2005 г.). Это событие приобрело огромную значимость не только для студентов нашего университета, но и, безусловно, для молодежи всего города и республики.

Майра САГЫМБАЕВА,  
руководитель пресс-службы КазНУ



мались проблемой Семипалатинского региона. Взгляды ученых разных стран помогут сконцентрировать важные направления решения проблем региона, еще раз сфокусировать внимание мировой общественности на этом вопросе.

### Строчки из биографии

Ричард Стоун – опытный журналист, он работает в штате журнала с 1991 года и пишет о развитии науки в разных странах. Больше всего его привлекают страны СНГ. Он связывает это со своим происхождением. Один его прадед жил в Украине, другой – в Грузии. Русский язык стал изучать, потому что в колледже в группе, изучавшей испанский язык, уже не было мест. Это стало основой для знакомства хотя бы с алфавитом, шутит он. Немного знает японский, поскольку жена Ричарда – японка. У них два маленьких сына, которые теперь изучают русский и казахский языки.

### История спецкурса

Ричард имеет также преподавательский опыт. Он разработал спец-





● Колледж КазНУ

Этому способствовали, в первую очередь, престиж самого университета, структурным подразделением которого является колледж, выбор специальностей, предлагаемых для обучения, – “Правоведение”, “Финансы”, “Информационные системы”, “Иностранные языки”, и, конечно же, преподавательский коллектив, в составе которого

З. Гапаров и А. Мустафин заняли призовые места, выступив 10 декабря с докладами на научно-практической конференции, посвященной жизни и деятельности Д.А. Кунаева.

Основой качественного обновления содержания среднего профессионального образования являются государственные образовательные стандарты, разработанные на основе современных требований к профессиональным и личност-

блемный аспект”, проведенный 25 ноября 2004 года. В работе семинара приняли участие проректор по УМО университета, д.п.н., профессор Г.К. Ахметова, директор Центра стандартов образования и креативной информации, д.п.н. Ш.Т. Таубаева, доцент кафедры общей и этнической педагогики, к.п.н. В.Т. Тихомирова и др. Были обсуждены следующие вопросы: “Роль среднего профессио-

# Состояние и перспективы среднего профобразования

4 июля 2002 г. в соответствии с постановлением Ученого Совета КазНУ и на основании п. 4.1 Устава университета о многоуровневой структуре образования с реализацией различных образовательных программ был создан Колледж им. аль-Фараби.

Несмотря на младенческий возраст, Колледж обрел известность и считается одним из престижных учебных заведений среднего профессионального образования.

ним качествам учащихся колледжа. Введены новые образовательные цели в содержание обучения, связанные с формированием у учащихся таких базовых компетенций, как коммуникативная, экономико-правовая, информационная культура, социальная ответственность, инициативность, способность к саморазвитию. Для комплексного учебно-методического обеспечения образовательного процесса имеются типовые программы по общеобразовательным, общепрофессиональным и специальным дисциплинам.

Важным направлением деятельности колледжа является качество образовательного процесса, внедрение в него современных педагогических и информационных технологий. Этим проблемам был посвящен научно-методический семинар “Качество среднего профессионального образования: про-

нального образования в системе непрерывного образования”, “Актуальные проблемы совершенствования учебного процесса в колледже”, “Психологические основы познавательной деятельности учащихся колледжа” и многие другие. По итогам семинара были приняты рекомендации, направленные на повышение уровня образовательного процесса в Колледже. Было также принято решение о выпуске методического сборника “Качество среднего профессионального образования: проблемный аспект” до конца 2005 года.

Наряду с положительными тенденциями в деятельности Колледжа наметились проблемы, от решения которых во многом зависит качество и эффективность образовательного процесса. К наиболее актуальным из них относятся обеспечение преемственности содержания профессионального образования в системе “колледж-вуз”, учебно-методическое обеспечение образовательного процесса, внедрение в него новых образовательных технологий, компьютеризация учебного процесса, в частности разработка электронных вариантов учебного материала, а также повышение квалификации преподавателей колледжа. Оптимальное решение указанных проблем возможно при условии согласованных действий колледжа и соответствующих подразделений университета.

Внедрение многоуровневой системы профессионального образования, имеющего как академические, так и профессиональные завершённые уровни образования, даст возможность обучающемуся стать конкурентноспособным специалистом. Необходимо также актуализировать содержание среднего профессионального образования, ориентацию их на международный уровень качества. Нам представляется возможным разделение первого уровня высшего образования на ступени: первая ступень согласуется с базовым уровнем среднего профессионального образования, вторая – с повышенным уровнем. Причем ступени рассматриваются не как курсы обучения в вузе, а как возможность перехода выпускника колледжа в систему вузовской подготовки по мере освоения профессиональных образовательных программ.



К.Х. ЖАДАНОВА,  
директор Колледжа,  
доктор пед. наук

го доктора и кандидаты наук, заслуженные учителя. Более 50% преподавателей – специалисты университета, что в определенной мере влияет на уровень знаний и умений учащихся. Например, выпуск 2003/2004 г. был представлен 25 “краснодипломниками”.

Сегодня в Колледже обучаются 320 учащихся, большая часть которых принимает активное участие в различных проектах, конкурсах и олимпиадах. Так, учащиеся З курса А. Алмаганбетова, Б. Идинов, Б. Иргебеков, Д. Аманбеков, Д. Рахимжанова и Д. Убиева успешно прошли I тур олимпиады по экономическим дисциплинам, организованной Академией труда и социальных отношений в ноябре 2004 года. Учащиеся I курса



**Основной качественной основой содержания среднего профессионального образования являются государственные образовательные стандарты, разработанные на основе современных требований к профессиональным и личностным качествам учащихся колледжа.**

● Мерейтой

## Француз тілінің білгірі



Құрметті Шолпан ЫСҚАҚҚЫЗЫ!

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1-гуманитарлық шет тілдер кафедрасының ұжымы Сізді 60-жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды!

60 жыл бұрын қаңтарда ақша қарға оралған Алматыда дүниеге келген Сіздің өмір жолыңыз білім мен ғылым ордасы – ұлттық университетпен тығыз байланысты, онымен тағдырлас деп айтсақ артық болмайды. Өйткені, осында жоғары білім алдыңыз, әлі күнге дейін ғылыми-педагогикалық қызметіңіз осында жалғасып келе жатыр.

Университеттің аталған кафедрасында лаборанттық қызметтен кафедра меңгерушісіне дейін көтерілдіңіз. 35 жылдан аса студенттер мен аспиранттарға француз тілін меңгертуде аянбай еңбек етіп келе жатырсыз. Республиканың түпкір-түпкірінде қызметте жүрген шәкірттеріңіз Сіздің ұстаздық шеберлігіңізді жоғары бағалайды. Тілді үйренуге арналған оқу құралдарыңыз бен әдістемелік еңбектеріңіздің мектеп оқушылары мен студенттер, оқытушылар мен ғылыми қызметкерлер арасында кеңінен қолданыс табуы – олардың оқу-әдістемелік деңгейіңіздің биіктігінің белгісі.

Осы тұста Сіздің филология саласына сіңірген ғылыми жұмыстарыңыз туралы айтпасақ болмайды. Қазақ тіліндегі ауызекі сөйлеу лексикасына арналған кандидаттық диссертацияңыз “Вербальдық интеракт: теориялық негізі, қолданылуы, құрылымы” атты докторлық диссертацияға ұласты. Ғылым жолындағы табысты еңбегіңіздің

жемісі – 2 монография, 20-дан аса мақалалар мен оқу-әдістемелік құралдар. Қазақстанда вербальдық интеракт мәселесіне алғашқылардың бірі болып араласып, оның ғылыми тұжырымдамасын жасауға, құрылымдық және қолданыс сипаттарын зерттеуге үлкен үлес қосып, осы саладағы белгілі ғалымдардың қатарына қосылдыңыз.

Сіздің еңбекқорлығыңыз, ізденімпаздығыңыз, кәсіби деңгейіңізді үнемі шыңдаудағы ұмтылыстарыңыз көпшілікке үлгі боларлық. Осы бағытта 1994-1997 жылдар аралығында Францияда өткен ғылыми іс-сапардың орны ерекше болды. Сол жұмыстар бүгінгі күнде университеттегі Халықаралық байланыстар басқармасының жанынан құрылған Сіз басқаратын Француз ғылым, білім, мәдени, тіл орталығында жалғасын табуда.

Құрметті Шолпан Ысқаққызы! Білгірлігіңіз бен біліктілігіңіз, өзіңізге және өзгелерге жоғарғы талап қоя білушілігіңіз, ақжарқын мінезіңіз бен қамқоршылығыңыз Сізді шәкірттеріңіз бен өріптестеріңіз арасында үлкен абыройға беледі. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісіне, еліміздегі жоғары мектеп білімі мен ғылымына келешекте де қомақты үлес қоса беретіңізге сенеміз.

Мерейтойыңызбен тағы да құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, таусылмас бақыт, творчестволық табыстар, жанұяңызға күт-береке тілейміз!

1-гуманитарлық шет тілдер кафедрасының ұжымы

● Юбилей

## Слово о юбиляре



16 января 2005 года исполнилось 60 лет Гульсум Сейлхановне СУЛЕЙМеновой – одному из лучших преподавателей английского языка Казахского национального университета им. аль-Фараби, доценту кафедры иностранных языков факультета международных отношений.

преподаватель воспитывает интерес к национальной истории в процессе обучения. Отличное знание не только английского, но и казахского языка, блестящая эрудиция, применение новых методик, великолепный контакт со студентами отличают Гульсум Сейлхановну.

В 1998 г. Г.С. Сулейменова получила звание доцента КазНУ. В 2000 г. Гульсум Сейлхановне было присвоено звание “Отличник образования РК” и она была награждена Почетной Грамотой Министерства образования и науки РК.

Сердечно поздравляем Вас, Гульсум Сейлхановна, с замечательным днем в Вашей жизни! Вот уже более 35 лет Вы являетесь ведущим, самым опытным преподавателем и знатоком английского языка. Вас хорошо знают как блестящего специалиста и переводчика-синхрониста в городе и в Республике Казахстан. Вы – гордость и патриот нашего университета, ибо вся Ваша педагогическая деятельность неразрывно связана с КазГУ – лучшим вузом Казахстана. Мы, Ваши коллеги, знаем Вас как компетентного и талантливого педагога, привлекательную женщину и яркую личность. Студенты уважают Вас за высокий профессионализм и требовательность, доброту и справедливость. От души желаем Вам крепкого здоровья, неиссякаемой энергии, дальнейшего процветания, творческого поиска, открытий и новых талантливых студентов!

Коллектив кафедры иностранных языков факультета международных отношений





● Сұхбат

Жуырда елордамыз Астана қаласында Білім және ғылым министрі Бірғаным Әйтимова еліміздегі бірқатар білім ордаларының оқуда озат, қоғамдық жұмыста белсенді студент жастарымен кездескен болатын. Оған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың атынан Студенттер сенатының төрайымы, журналистика факультетінің 4-курс студенті Алма Сайлауқызы қатысып қайтты. Кездесу қалай өтті және онда нендей мәселелер көтерілді деген сұрақтарға жауап алу үшін Алмаға бірнеше сауал қойған едік.



Алма САЙЛАУҚЫЗЫ:

# ЖАСТАРҒА МОЛ МҮМКІНДІК БЕРІЛУДЕ

- Алма, Білім және ғылым министрлігінде өткен кездесуден қандай ой түйіп, нендей әсермен оралдың?

- Осы сапар барысында аталмыш министрлік келешек иелері жастарға ерекше ықылас танытып отырғанына көзім жетті. Биылғы жылы мемлекет бюджетінен білім саласына былтырғыға қарағанда өлдекайда көп қаржы бөлінгені және барша үздік студенттер үшін 1080 президенттік стипендия тағайындалғаны көңіл қуантатын жайт. Студент қауымының лидерлерін жинап және олардың көкейін тескен мәселелерін ортаға салуды өтініп, соған байланысты өз пікірін жүзбе-жүз жеткізгісі келген министр ханымның бұл шарасы айтуға тұрарлық игі іс болды. Жалпы, бұл кездесу "Ел келешегі - жастар қолында, ал олардың ертенгі ісі бүгінгі қалпына байланысты" деген қанатты сөздің орынды айтылғанын тағы да бір дәлелдей түсті деп ойлаймын.

- Қанша жоғары оқу орнының өкілдері бас қостыңдар?

- Астанаға біздің оқу ордасын қосқанда, барлығы 12 жоғары оқу орнының өкілдері жиналды. Атап айтсақ, кездесуге бізден басқа Жастар ісі жөніндегі комитеттің лидерлері, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінен, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінен, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтынан, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінен, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінен, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінен, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінен, т.б. білім ордаларының өкілдері келді.

27 қаңтар күні министрліктің ғимаратын

аралап, департаменттердің жұмыс барысымен таныстық. Одан кейін вице-министр Н.Гамарник мырза Білім және ғылым министрлігінің жұмыс принциптері және ұстанған бағыты жөнінде кеңінен әңгімелеп берді. Министрліктен шыққан соң, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Т.Садықов өз оқу ордасының ғимараттарын аралатты. Ертесіне, яғни 28 қаңтар күні министр Б.С.Әйтимова ханым дөңгелек үстел басында шақырылған студенттермен кездесті.

- Министр Бірғаным Әйтимованың студенттермен кездесудегі мақсаты қандай болды?

- Меніңше, бұл кездесуде Бірғаным Сарықызы жастардың жай-күйін олардың өз аузынан естуді мұрат еткенге ұқсайды. Бүгін өз университетінің көшбасшысы болған студент ертен ел билігін қолға алар азамат екендігін еске салғысы келгендей. "Сендердей білім алып жүрген жастар болмаса, Білім және ғылым министрлігі не үшін қажет? Барлық жұмыс сендердің игіліктерің үшін жасалады", - деді министр бізбен кездесу барысында. Осылайша, басқарушы тарап пен білім алушы жақ тығыз байланыста жұмыс жүргізгенде ғана, әрбірімізге тиімді нәтижелерге қол жеткізілетініміз анық.

- Студент лидерлері негізінен қандай мәселелерді көтерді және министрдің оларға деген көзқарасы қалайша көрініс тапты?

- Студенттер министрдің алдында тосылмастан, өз ойларын емін-еркін жеткізе алды дей аламын. Еліміздегі ЖОО-ның көбісін жатақхана мәселесі алаңдатады екен. Бұлай дейтін себебім, бірнеше университет өкілдері қойған сауалдар дәл осы мәселемен байланысты болды. Оған министр өз кезегінде жатақханалар салуға және күрделі

жөндеу өткізу үшін бюджеттен арнайы қаражат бөлініп отырғанын, алдағы уақытта бұл мәселе шешіле бастайтындығын айтты. Сондай-ақ студенттер кредиттік оқу жүйесіне қатысты, арнайы стипендиялар тағайындау жөнінде, несиелену оқу және студенттік өзін-өзі басқаруға байланысты бірнеше проблемаларды алға қойды. Бірғаным Сарықызы да өз кезегінде толғандырып жүрген ойларын жастар талқысына салып, әсіресе, патриоттық сезімді қалайша күшейткен жөн деген мәселе қатты алаңдататынын білдірді. Сондай-ақ, Астана күнін қайткенде жалпыхалықтық сипат алдыруға болады деген сұраққа ойлануларын сұрады. Сөз соңында министр оқу ордалары арасындағы студенттер байланысын одан әрі дамытып, мәселелерді бірігіп шешу үшін және онды тәжірибелер алмасу мақсатында ағымдағы жылдың наурыз айында Тараз қаласында Қазақстандағы барлық ЖОО-ның лидерлерінің басқосуын өткізуді жоспарлап отырғандығын айтты.

- Астанада өте суық деп естиміз. Тым қатты тонып қалған жоқсындар ма?

- Несін жасырайын, сол кезде Астанада күн өте суық болды. Термометр -30°C-тің ар жақ-бер жағын көрсетті. Дегенмен, С.Сейфуллин атындағы Агротехникалық университеттің басшылығы біздің қамымызды жасап, үнемі көлікпен алып жүрді. Оның үстіне Мағжан ақын жырлағандай, "Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты" студент жастардың жүрегіндегі жалыны ызғар-суыққа дес бермей ме деп қалдым. Күн қанша суық болса да, келешегінен зор үміт күттірет замандастарымызмен танысқан және солармен бірге білім басшысының қабылдауында болған күндерім мен үшін ең жылы сәттер болып есімде сақталмақ.

Сұхбаттасқан  
Ысқақ ДҮЙСЕМБАЙҰЛЫ

● Рухани азық

# Кітаптың күдіреттілігі

Халқымызға рухани азық сыйлар, талай шежіренің куәсі болған республикалық кітап мұражайын аралағанымда қаншама сырға қанық болып, көптеген қызықты жайларға көзімді жеткіздім. Мұнда Күлтегін, Тонкөк жазуларынан бастап әл-Фараби бабамыз негізін салған ұлы көштің соңынан еріп келе жатқан қаншама ғұламаларымыз бен ақын-жазушыларымыздың ұшан-теңіз еңбектері баршылық. Сол бір сиқырлы сырға толы кітап әлемі халықтың санасына сәуле ұялатып, ғасырдан ғасырға өтіп, бүгінде өскелең ұрпағымыздың игілігіне айналып отыр. Біз де сол рухани азық болар дүниелерден нәр алып, бабаларымыз бастаған ұлы көштің соңынан еріп келеміз.



Ерболат САПАРОВ,  
ҚазҰУ-дың  
2-курс студенті

Қаншама жыл патшалы Ресейдің қол астында бодан болған қазақ елі бүгінде өз алдына дербес мемлекет болып отыр. Тәуелсіздіктің арқасында жоғалуға айналған дүниелеріміз қайта жаңғырып, алаштың аспанында бой түзеді. Жиырмасыншы ғасырдың басында елім деп еңіреп келген қазақ зиялыларының еңбектері қайта жарық көріп, қазақ руханиятының баюына өз үлестерін қосты. Халқымыздың тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жаңғыртып, туған ана тілімізді қайта қалпына келтіруге атсалысты. Міне, осы секілді өшпес мұраларымыздың алғашқы басылымы республикалық кітап мұражайында сақталуда.

Осы бір көненің көзін сақтар мұражайда өзге де дүниелер көптеп кездеседі. Атап айтсақ, орыс халқының алғашқы кітап басушысы И.Федоров жасаған баспа станогының макеті сақталған. Бұдан басқа Біржан салдың домбырасы және жалынды қолбасшы, дауылпаз ақын М.Өтемісұлының қару-жарақтары мен сауыт-саймандарының көшірмесі қойылған. Осы дүниелер мұражайдың төрінен орын алып, өткен күннен жарқын болашаққа сәуле шашып тұрғандай. Тағы да басқа әсем бояулармен безендірілген суреттер, тастан ойып жасалған көне ескерткіштердің түпнұсқасы мұражайдың шырайын келтіріп, ажарын аша түскен. Республикалық кітап мұражайының тарихы 1978 жылдан басталады. Кітап - қай дәуірде болмасын тарихи сырларды сақтаған ең бағалы, ең қасиетті құрал емес пе?! Шындығында, мұндағы дүниелерге тереңнен ой тастап, әрбіріне мұқият қарасаңыз ерекше сырға бөленіп, рухани нәр аласыз. Әсіресе, қолжазба кітаптарды көргеніңізде көз алдыңызға ата-бабаларымыздың бостандық үшін күресіп, туған халқына еткен еңбектері елестейді. Біз де бабаларымыздың өшпес мұраларына қызыға қарап, өз ойымыз бен арман-тілегімізді биік қияға шарлаттық. Осы кезде жүрегіміздің терең түбінен мына бір өлең жолдары жарып шықты:

*Тұнған тарих, шежіре, суреттер де,  
Нұр құйғандай бұл да бір жүректерге...*

Кітап - үлкен бір тарихтың куәсі, тәуелсіз мемлекетіміздің мақтанышы мен рухани азығы. Былтырғы жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі "Мәдени мұра" бағдарламасын жариялағаны баршамамызға белгілі. Мұндағы мақсат - өшпес мұра болып саналатын дүниелерді одан әрі дамыту. Осындай тарихи жәдігерлеріміз бен мұражайларымыз жылдан-жылға көбейіп, қазақ халқының санасына аралыған ақ таңның шапағатын шашсын. Әр қашанда еліміз тыныш, аспанымыз ашық болып, өркениетті ел қатарына қосыла берейік!

● Қысқа әңгіме



Максат МӘЛІКОВ,  
ҚазҰУ-дың  
4-курс студенті

*Өзегім талып, өліп барамын. Сонда да сүйретіліп сабаққа келдім. Сессия жақындаған сайын ең болмағанда төбеңді бір көрсетіп отырмасаң, сынақ кезінде оқытушылар "Айда, кері бұрыл, сені қайдан көрдім" деп аудиториядан қуып шығуы да гажап емес. Алдағы күнді, сессияны ойлап жеткенім ғой.*

# Күтпеген ақша

Бекниязов ағайын сабағынан семинар жүріп жатыр екен. Есікті асықпай ашып, ішке кіріп, артқы жаққа қонжия кеттім. Қашанда белсенділік танытып жүретін қыздар жағы алдыңғы партаға жайғасқан. Сабақ айтып, әлдебір нәрсе туралы қызу айтысқа кірісіп, дауласып жатыр. Миыма ештеңе қонар емес. Тоқ-тоқ етіп кейін кетіп жатқандай. "Ораза, намаз - тоқтықта" деп тегін айтылмаған-ау, сірә. Қарын мәселесі қиын екен. Аудиторияға кіргеніме аз ғана уақыт өтсе де: "Ағай, сыртқа шығып келуге бола ма екен", - деп сұрандым. Жіберді. Негізгі мақсат, таныс біреулер кезігіп қалса тиын-тебен алып, асханаға кіру. Сәл де болса асқазанның жылағанын жұбату. Дәлізде алдымнан курстасым Мираны кездіргім. Үйде тұратыны есіме үсіп: "Ақша бар ма, ей, асханадан тамақ ішейік", - десем, "Мен сен сұрайын деп келе жатсам, өзімің де нәр татпағанымға тура 24 сағат болды", - дейді. Түсінікті, енді

екеу болдық. Сенделіп жүріп курстастарымыз Самат пен Мұсаны кездіргім. Біріміздің сырмыз екінің біріне белгілі. Жағдайы жақсылап тұрып түсіндірдік. Самат қалтасынан 200 теңге шығарып: "Бары осы. Аз да болса көптей көрейік", - дейді. Қалтаң қағылып, аш құрсақ жүргенде мұның өзі аяғыңдай ақша. Төртеуіміз бірінші қабатқа түсіп, асханадан бір-ақ шықтық. Үстел басына алқақотан орналасып, қолымыздағы ақшаны басына тартып, аяғына жеткізе алмай, не аларымызды білмей дал болып отырғанбыз. Бір кезде асханаға Дөмегүл апай кіріп келді. Қашанда жарқын мінезінен танбай, студенттерді жанына жақын тартып жүретін апай: "О, қалдарың қалай, менің студенттерім?" - деп жылы шұрай берді. Жамырасып амандасып жатырмыз. "Астарың дәмді болсын", - деді апай. Ал, үстел үстінде түк те жоқ болатын. Осы сәтте ауызы жеңілдеу Мірас: "Апай, алдымызда ас жоқ", - деп әзіл-шыны аралас қойып қалды. Дөмегүл апай болса қалтасын қарманып, әмиянын ала бастады. Біз не болар екен деп күтіп тұрмыз. Бір кезде әмиянынан бір көк қағазды суырып алып, ортамызға тастай салды. Тура бес жүз теңге. Не сенерімізді, не сенбесімізді білмейміз. Күтпеген жағдай, күтпеген ақша. Бөріміздің көзіміз бақырайып, үстел үстіндегі ақшаға бір, Дөмегүл





● Тағзым

11 ақпан күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде белгілі қоғам қайраткері, әлемге танымал ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың және Президенттің бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығының иегері, ҚР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, тарих ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі Манаш Қабашұлы Қозыбаев (1931-2002) атындағы дәрісхананың ресми ашылу салтанаты өтті.



## Қозыбаев атындағы аудитория ашылды

Манаш Қозыбаев шын мәнінде тәуелсіз Қазақстанның бірінші идеологы саналады. Ол – Кеңес Одағы тұсында бұрмаланып, танымастай өзгерген қазақ халқының тарихын қайтадан жазып шыққан әлемдік масштабтағы ғалым. Сондай-ақ, ол саяси қуғын-сүргіннің құрбандарын ақтау қажеттілігін алғашқылардың бірі болып қозғап, сонан соң бұл мәселемен шұғылданған арнайы парламенттік комиссияны басқарды. М.Қозыбаевтың соңында орасан зор мұра қалды. Ол - 1000-нан астам ғылыми және ғылыми-көпшілікке арналған жұмыстың, соның ішінде 30 монография, 100-дің үстінде мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, сондай-ақ, оның редакторлығымен

жарық көрген ұжымдық еңбектердің авторы. Оның еңбектері Ресейде, Қытайда, АҚШ-та, Түркияда, Кореяда, Иранда және басқа да көптеген елдерде жарық көрді. Ғалымның өзі негізін салған тәуелсіз Қазақстанның өзекті мәселелерін зерттейтін ғылыми мектебінде талантты ғалымдардың тұтас шоғыры дайындалды, олардың ішінде 90-ға жуығы - ғылым докторы мен кандидаттары. Ол жиырма жылға жуық республиканың іргелі идеологиялық орталықтарын, атап айтқанда, Қазақ Совет Энциклопедиясы, Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтын басқарды. Ол – ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңестің мүшесі, “Әділет” республикалық тарихи-ағарту қоғамының президенті, ҚР Мемлекеттік сыйлық жөніндегі Комитеттің мүшесі, бірнеше елдерге Қазақстан делегациясын бастап

барған жетекші, Парламенттің халық сайлаған депутаты.

М.Қозыбаев - “Отан тарихы” журналының ұйымдастырушысы және Бас редакторы, “Қазақстан-Zaman” халықаралық газетінің құрылтайшысы, көптеген отандық және шетелдік басылымдардың редакциялық алқасының мүшесі.

ҚР үкіметінің жарлығымен еліміздің бірсыпыра мәдени орындарына оның есімі берілді. Петропавлдағы Солтүстік Қазақстанның

мемлекеттік университеті Манаш Қозыбаев есімімен аталады.

М.Қозыбаев есімі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен тығыз байланысты. Ол - осы университеттің тарих факультетінің 1955 жылғы түлегі. Университетте оқыған жылдары ол комсомол ұйымының хатшысы, кейін университет жанындағы мамандардың кәсіби біліктілігін жетілдіру институты директорының орынбасары, көп жылдар бойы Мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы болды. Дүниеден өтерінен бір күн бұрын ол университет бітірушілерінің кезекті мемлекеттік емтиханын қабылдауға қатысты.

Белгілі ғалымның есімі сан мыңдаған жүректерде мәңгіге сақталмақ. Оның айқын дәлелі - университеттің тарих факультетінде ашылған М.Қозыбаев атындағы аудитория.

Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

● Конференция

## Ученые КазНУ обсудили проблемы конкурентоспособности высшего профессионального образования

3-4 февраля 2005 года в Казахском национальном университете им. аль-Фараби прошла XXXV научно-методическая конференция профессорско-преподавательского состава “Подготовка конкурентоспособных специалистов в условиях интеграции в мировое образовательное пространство”.

Система высшего образования Казахстана является составной частью мирового образовательного пространства, и одним из ее основных приоритетов считается достижение такого качества подготовки специалистов, которое позволило бы конкурировать на международном рынке труда.

На обсуждение участников конференции был вынесен широкий круг вопросов, в частности проблемы конкурентоспособности высшей школы и мобильности обучающихся в условиях интеграции в мировое образовательное пространство и глобализации современного мира.

Тематика докладов свидетельствует о приоритетности разработок, направленных на управление качеством содержания образования и необходимость создания системы оценки качества и эффективности высшего образования. Участники конференции подвели первые итоги внедрения кредитной системы обучения в бакалавриате и обсудили новые стандарты профессионального образования.

На конференции работали 7 секций: “Система менеджмента качества высшего профессионального образования”, “Организация образовательного процесса на основе кредитной системы обучения”, “Личностно-ориентированное образование и самостоятельная работа студентов”, “Языковая компетенция как профессионально-значимое качество конкурентоспособного специалиста”, “Информатизация образования в аспекте управления качеством образования”, “Проблемы и пути повышения эффективности воспитания студенческой молодежи”, “Формирование физической культуры в студенческой среде”. В программу конференции ППС КазНУ включены 435 докладов, в их числе 20 докладов ученых из других вузов. В рамках конференции прошли “круглые столы” на тему “Индивидуальная траектория обучения и самостоятельная работа студентов” и “Национально-региональные особенности экологического образования”.

Пресс-служба КазНУ

● “Парасат” кәсіподағы

## Универсиеттегі “Қыс” мерекесі

Ақпан айының 5-і күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлері мен аспиранттарының демалыстарын көңілді ұйымдастырып, денсаулықтарын нығайту мақсатында “Қыс-2005” мерекесі өтті.



Бұл шараны университет қызметкерлері арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында түрлі спорттық-мәдени шаралардың ұйтқысы болып жүрген “Парасат” кәсіподағы ұйымдастырды. Аппақ қарға оранған Алатау баурайында ҚазҰУ қызметкерлері таза ауамен тыныстап, табиғат аясында арқан тарту, гирь көтеру, отбасылық жарыс, мини-футбол, шахмат, шаңғымен сырғанау сияқты спорт түрлерінен жарыстарға қатысты. Қыс мерекесіне жиналғандардың барлығы үлкен-кіші демей спорттық жарыстарға белсене қатысып, демалыстың көрігін қыздыра түсті.

Әр факультеттің жеңімпаз командаларына “Парасат” кәсіподағының арнайы сыйлықтары табыс етілді.

А.ҚЫЛЫШБЕК

## Жақсылықтың өлшемі жоқ

Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен “Парасат” кәсіподағы бірнеше жылдан бері өз қамқорлықтарына алып келе жатқан Қаскелендегі көмекші мектеп-интернатқа жиһаз мүліктерін сыйға тартты. Бұрын университетте қолданылған бұл шкафтар бүлдіршіндердің киім-кешектері мен керек-жарақтарын, кітаптарын сақтауға өте ыңғайлы.

“Парасат” кәсіподағының төрайымы М.Т.Мұқашеваның айтуынша, кәсіподақ тарапынан атқарылатын мұндай игі шараларға үнемі көмек қолын созып, қолдау көрсетіп отыратын университетіміздің жалпы және өндірістік-шаруашылық жұмыстар жөніндегі проректоры С.Т.Шалғымбаев бұл жолы да үлкен азаматтық танытқан. Туғаннан ата-анасының алақан жылуынан жырақ қалған бүлдіршіндердің атынан мектеп-интернаттың директоры Қ. Қайырленов жүрекжарды алғысын жеткізді.

Өз тілшімізден

● Бұлшық ет

## Денсаулық жарысы аяқталды

28 қаңтар күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде профессор-оқытушылар құрамы және қызметкерлері мен аспиранттары арасында өткен дәстүрлі 33-ші “Денсаулық” спартакиадасы өз мәресіне жетті. “Денсаулық” спартакиадасы спорттық жарыс есебінде отыз жылдан астам уақыт бойына өткізіліп келеді.




Спартакиаданың ұйымдастырылуына университет басшылығы мен “Парасат” кәсіподағы және дене тәрбиесі кафедрасы мұрындық болып отыр. “Парасат” кәсіподағының меңгерушісі М.Т.Мұқашеваның айтуынша, “Денсаулық” спартакиадасының мақсаты университетте дене тәрбиесі мен спортты дамыту, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер, аспиранттар арасында денешынықтыру-сауықтыру, спорттық-бұқаралық жұмыстарды жандандыру, олардың денсаулықтарын нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады.

Спорттың бес түрінен (волейбол, шахмат, үстел үстіндегі теннис, бадминтон, мини-футбол) өткен спартакиадаға 14 факультет қатысты. Жалпы командалық есеп бойынша бірінші орынды механика-математика факультеті, екінші орынды химия факультеті, үшінші орынды физика факультеті иеленді.

Спартакиадада жеңіске жеткен факультет командаларына мақтау қағаздарымен қоса ақшалай сыйлықтар тапсырылды.

Нұрмұхаммед МАМЫРБЕКОВ



Шаңқай түсте өткір алтын Күн сұлу,  
Жылыңдаған жұлдыздармен түн сұлу,  
Тылып жатыр түрлі суу дүниеде,  
Бірінен де маған, сөйлем, сен сұлу.  
Мағжан ЖҰМАБАЕВ

Әлия ӨТКЕЛБАЕВА,  
әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ-дың  
аспиранты

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;  
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;  
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;  
М.Т. МҰҚАШЕВА - “Парасат” кәсіподағының төрайымы;  
А.А. ШЫБЫДҚО - ақпараттық-сараптамалық бөлімнің бастығы;  
Л. ҚАЙЫПОВА - студенттердің “Сұңқар” кәсіподағының төрайымы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор - Бекжан Әшірбаев;  
Бас редактордың орынбасары - Нәйлә Садықова;  
Жауапты хатшы - Дариға Амангелдіева;  
Теруші - Айтгүл Бабасова;  
Көркемдеуші-беттеуші - Айдын Әбдібекұлы;  
Фотолізі - МАМЫРЖАН;  
Кезекші редактор - Ысқақ Егембердиев.

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-кабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, факс: 47-05-67.

Нөмір редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. “Полиграфсервис” баспаханасында (Жандосов көшесі - 55) 22.02.2005 жылы басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы - 3000 дана. Көлемі 2 б.т. Индекс 65989. № 360 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

“Қазақ университетіне” жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.